

**Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика академиясы
Мейірбике ісі кафедрасы анестезиология және реаниматология
курсымен**

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Мейірбикелік іс саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту және олардың нәтижелерін практикалық денсаулық сақтауда пайдалану.

ОРЫНДАҒАН: БАКАЛАВР КАСИМОВА К.К

ТОБЫ: 401 “Б” МІК

ҚАБЫЛДАҒАН: ЮНУСХОДЖАЕВА Г.Д М.

Ғ.К., ДОЦЕНТ

КІРІСПЕ

- Еліміздегі мейірбикелік іс ұдайы жетілдіруді талап ететін динамикалық үдеріс (процесс). Денсаулық сақтау саласында еңбек ететін мейірбикелік қызметкерді басқару, дамыту және тәрбиелеу қазіргі кезде аса өзекті. Денсаулық сақтау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын мейірбикелік іс жеткілікті кадрлық ресурс иеленеді.

□ Сондай-ақ тұрғындардың қол жетімді және көңілге қонымды медициналық көмекке деген қажеттілігін өтеуге оның толық мүмкіндігі бар. Мейірбикелік істің – бір мезгілде өнер де, ғылым да болып табылатыны баршаға мәлім. Ол арнайы машықтарды, білімді және оларды практикалық қолданудағы ептіліктерді талап етеді.




Мейірбикелік істі басқару – бұл ғылыми білімдерді қолдануға негізделген күрделі үдеріс. Мейірбикелік үдеріс – күнделікті мейірбикелік практиканы ұйымдастыруға көмектесетін проблемаларды шешуге арналған құрылым. Оның анық қадамдары бар. Бұл клиенттің нақты проблемасымен жұмыс істеудегі басшылықты қамтамасыз ететін: бағалау, диагноз, жоспарлау, орындау және қорытынды баға.





- Мейірбикелік мамандардың ықпалды ұйымдастырушылық қызметін жүзеге асыру үшін бас мейірбикелерді қазіргі заманғы интерпретациялауда, яғни мейірбикелік қызметтің кәсіби менеджерлері ретінде дайындау қажет. Денсаулық сақтау мен мейірбикелік істі ұйымдастырушыларға бұл саланың проблемалары жете таныс.

- Мейірбикелік көмектің сапасын бақылау жүйесін мынадай деңгейлермен қарастыруға болады:
- Бірінші – кезекшілікті қабылдау мен тапсыру сапасын ағымдағы бағалау;
- Екінші – жетекші маманның манипуляциялық техниканың, күтімнің сапасын кезең сайын бағалауы;



- Үшінші - критерийлер бойынша мейірбикелік көмектің сапасын (жылына екі рет) тереңдетіп бағалау;
- Төртінші – проблемаларды анықтау және түзету, кәсіби шеберлік мектебінде талқылау, семинарларда оқыту.

- Айтылғандарды қорыта келе мейірбикелік қызметкердің – денсаулық сақтаудың маңызды стратегиялық ресурсы екені мойындалуы тиіс. Оны басқаруды инновациялық тұрғыдан ұйымдастыру заман талабы.



- **Бұл үшін мынадай мәселелер қарастырылып, өз шешімін табуы қажет:**
- - мейірбике кәсібінің әлеуметтік мәртебесін және әлеуметтік-экономикалық қорғалуын арттыру;
- - мейірбике – емдеу-диагностикалық және профилактикалық үдерістің тең құқылы қатысушысы;





- - мейірбикелік үдерісті инновациялық ұйымдастыру технологиясы ретінде жалпы практикаға енгізу;
- - мейірбике жұмысын стандарттау және оның сапасын көтеру;
- - мейірбике практикасы мейірбикелік істің ғылыми модельдеріне негізделуі тиіс.
- - мейірбикелік қоғамдық ұйымдардың ролін және мәнділігін арттыру.

- Әрине, еліміздегі мейірбикелік істі жетілдіру бойынша көптеген жолдардың ұсынылуы мүмкін. Біз қарастырған мәселелердің мейірбикелік істі ұйымдастырушылардың назарына ілігеді және оларды практикалық жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламалар дайындауда ескеріледі деп үміттенеміз.

- Денсаулық сақтау ұйымының мейірбикелік қызметкерінің іс-әрекетін табысты басқару үшін бас мейірбике төрт негізгі функцияны орындайды.
- Атап айтқанда, олар: жоспарлау, түрткілеу (мотивациялау), іс-әрекетті ұйымдастыру және іс-әрекетті бақылау. Жұмыс ықпалдылығын арттыру үшін бас мейірбикеге басымдықты құруды үйренуі тиіс. Мейірбикелік көмек сапасын тек мейірбикелердің іс-әрекеті зерттелгенде, белгілі бір құрылымға және қалыпқа келтірілгенде ғана басқаруға болады, демек оның стандартқа сәйкес бағалануы мүмкін.